

де оның мөлшері көтерілмейді. Эмбрион антипрогестерондың әсері бар тәнді белоктар бөледі. Бұл простагландин F_{2α} синтезінің торша ішілік ингибиторының жұмысын арттыру арқылы іске асады.

Антипрогестерондың синтезіндегі негізгі көзі тұқымның трофобласт торшалары. (B.G.Byggers,1987;H.Gustafsson,1985). Қазіргі кезде біздің елде де, шетелде де эмбрионалдық елімді прогестерондың тест арқылы анықтау әдісі кеңінен қолданылады (D.S.Bulman, G.E. Lanning, 1978; W. Hansen, J.P. Dord, 1986; С.А. Рассадников 1985 Д.К. Хусеница 1988). Қан сарысуындағы немесе сүттегі прогестерон концентрациясын радиоиммунологиялық зерттеу, буаздықтың әр түрлі мерзіміндегі сары дененің функционалдық жағдайын бағалауға мүмкіндік береді. J.Laing (1952) мәліметтері бойынша ұрғашы малдарды жоспарлы түрде ұрықтандырды қолдана отырып, оларды белгілі бір уақытта сойып, нәтижесінде сиыр эмбриондардың неғұрлым көп өлімі буаздықтың 3-4 күндерінде болатынын анықтады: бұл кезеңде эмбриондардың 40% елген.

N.Aydlon (1987) өз жұмыстарында эмбриондар өлімінің неғұрлым көп байқалуы буаздықтың 7-8 күндеріне сәйкес келеді, яғни бұл кезде тұқым жатырға туседі және мөлдір қабықтан босайды. Сондықтан бұл қатерлі кезеңде прогестерон денгейін қалыпты ұстап түру үшін экзогенді гормондарды еккен едәүір тиімді.

Биелерді ұрықтандырғаннан кейін 4-11-күндері егілген адамның хориондық гормоны прогестерон концентрациясын 0,9 нг/ мл, ал ұрықтану көрсеткішін 37% жоғарылатты, прогестеронды 3-10-күндері еккен кезде ұрықтану көрсеткішін 30%-ға жоғарылатты (Г.И.Судаков, 1990; J.S.Stevenson, M.O. Mee 1991). Биелерде эмбриондар өлімін туғызатын негізгі себептердің бірі, буаздықты қамтамасыз ететін және эмбрион дамуына қолайлы орта қалыптастыратын гормондар денгейінің және олардың ара қатынасының бұзылуы болып табылады.

1. Адамс, Г. П., Р. Л. Мэттери, О. Џ. Гинтер. 1992. Влияние прогестерона на фолликула, появление фолликулярных волн и циркулирующих фолликулостимулирующего гормона в телок. *J. Reprod. Fertil.* 96:627-640.
2. Ахмад, Н., ЕС Таунсенд, Р. Дейли, Э. К. Инскип. 1997. Отношения гормональной картины и рождаемости к появлению два или три волны фолликула, до и после размножения
3. Данн, Л. Д., М. Г. Дискин, и Ж. М. Сринану. 2000. Эмбрионов и гибель плода в говядине телок между 14-й день беременности и полной перспективе. *Anim. Reprod. Наука* 58:39-44.
4. Александр, Б., М. Джонсон, RO Guardia, WL Van de Графф, П. Л. Сенгер, Р. Г. Sasser. 1995. Эмбриональные потери от 30 в течение 60 дней после размножения и влияние пальпации в прямой кишке о беременности. *Theriogenology* 43:551-556.

* * *

В данной статье рассматриваются вопросы по выяснению причин эмбриональной смертности у кобыл, и о эффективности применения гонодотропных и стероидных гормонов для коррекции нарушений течения беременности.

This article discusses the issues to clarify the causes of embryonic mortality in horses and the effectiveness of gonadotropins and steroid hormones to correct the violation of pregnancy.

ӘОЖ 636.32/38.082.233

АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ЖӘНЕ КӨПТӨЛДІ ҚОЙ ТОПТАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІК САПА КӨРСЕТКІШТЕРИ

Мұсабаев Б.И., Түгелбаева А.К.

Қазақ мал шаруашылығы және жемишөп өндірісі ғылыми – зерттеу институты ЖШС

Қазіргі экономикалық нарыққа байланысты етті-жұнді қой шаруашылығында жан жақты өнімділігі жақсы дамыған көптөлділігі жоғары генетикалық интенсивті ұнамды мал түрін пайдаланған жән. Саулықтардың төлділігіне байланысты өсіріліп отырылған жас төлдердің

артуына қарай мал сапасын селекциялық тұрғыдан арттыруда және қатал сұрыптау жасауга мүмкіндік береді, әрі отардагы мал басын тез ауыстыруға жағдай жасайды.

Кейінгі жылдары көптеген мемлекеттерде (АҚШ, Англия, Франция, Жаңа Зеландия, Австралия, Россия т.б.) роман тұқымы мен финдық ландрас тұқымдарын шағылыстырып, қысқа мерзім ішінде көптөлді жаңа тұқымның линиясы мен типін жетілдіруде жұмыстар істеліп жатыр.

Көптөлді жаңа тұқым шығаруда - дүние жүзінде жүргізіліп жатқан алдыңғы қатарлы әдістемелер мен технологияларды мал өсіруде, азықтандыруды жақсартуда және мал бағуда пайдалану қазіргі зерттеулерде өзекті болып отыр. Жұмыстың өзектілігіне байланысты 11.12.1981ж. Ауыл шаруашылығы министрлігінің №36 бұйрығы бойынша «О мерах по ускорению выведения новых пород сельскохозяйственных животных, отвечающих требованиям промышленных технологий» бағытта Қазақстанда, Ресейде, Беларуссияда, Украинада өнімділігі 170-200% болатын жаңа көптөлді жартылай биязы жүнді тұқым шығару туралы мәселе қаралды.

Қазақстанда 1978 ж. бастап бүгінге дейін жоспарлы түрде көптөлді етті-жүнді тұқым алуша қазақ биязы жүнді қойларын финдық ландрас және етті-жүнді бағыттағы қазақ қошқарларымен шағылыстыру қазір де пайдаланылада. Тұқым алуша пайдаланылған қошқарлардың қандылығы жоғарыдағыға сәйкесінше 31,0; 44,0 және 25,0% қандылықты құрады. Осыдан келіп етті-жүнді бағыттағы тез жетілетін белгілері анықталып алынған мал топтарының өнімділігі 170% болатын, ал тірідей салмағы 55,0-57,0 кг, жүн шығымы 2,2-2,4 кг-ға дейін жететіндігі белгілі болды. Жаңа технологияның элементтерін пайдалану, сондай-ақ жас малды өсіруде толыққұнды азықты мейлінше белгілі тәртіппен жұмысау арқылы алынған өнімділікті мақсатты түрде сактап қалуға болады, әрі қой шаруашылығында өндірілетін өнімді интенсификациялау бәсекелестікке қаблетті етеді. Барлық салалардағыдай қой шаруашылығында да алынған өнімінің сапасын жақсарту асылданырудың байланысты. Бұл көлемді мәселелердің туындауына әкеледі, қой шаруашылығында жүйелі түрде асылданыру жұмысын үйімдастыру мен шараларды басқаруда асылданыру арқылы малдың ұнамды қасиеттерін жетілдіруде және малдың өнімділік сапасын азықтандыру мен күтті қатар байланыстыра жүргізуде қол жеткізуге болады. мал шаруашылығында сұрыптау ең басты элементтер қатарына жатады. Малдың шығу тегі, жеке даралық конституциялық-өнімділік сапасы, яғни конституциялық құндылығы, өнімділігі, тұқымдық типтік қасиеттерімен қатар міндетті түрде мал денсаулығына көніл бөлінеді.

Алынған бонитировка деректеріне сәйкес малдың өнімділігі мен асыл тұқымдылық сапа қасиеттері бойынша малды топтарға бөлуге болады, яғни бонитировкалық класстарға. Қой шаруашылығындағы басты мәселе қатарына келесілер кіреді – аз уақыттың ішінде мал басын мол етіп өсіру, сапалы жетілдірілген мал санын жоғарлату, бәсекелестікке төтеп беретін жағдайға аз уақыттың ішінде жету. Осы мәселелердің шешімі ретінде бір бас малдан кем дегенде екі қозыдан алып саулықтардың көптөлділігін көтеру және жас малды дұрыс әдістерге сүйеніп отырып өсіру. Тірідей қой салмагын 30-45кг дейін жеткізуге және азықты пайдалануда 40% дейін үнемдеуге жол ашылды. Малдың көптөлділігі одан алынатын өнімдерге, өнім сапасына әсері бар деген көзқарастар көптен бері айтылып келеді. Кейбір ғалымдардың [3,4] көптөлділік мал өнімділігіне кері әсер етеді деген тұжырымдары да жоқ емес, ал келесілерінің нұсқаулары бойынша көптөлділік мал жасы ұлғайа келе қалпастасының [1,2] алға тартады. 2000 жылы қараша, желтоқсан айларында қолдан ұрықтандырудың өндіруші қошқарлардың әр қайсысына жеке дара топтар белгіленіп шараптар етіп пайдаланылды, алынған ұрпағына байланысты жұмыстар жүргізілді. Егіз туылған маңдардың сыңарларынан таңдалып алынған келесі нөмірдегі №00185 және № 9669 өндіруші қошарларға бақылау жасалды, олардың бір жастағы салмақтары 68 кг; 66 кг болды. Осы қошқарлардың ұрықтары қолдан ұрықтандырудың 3-4 жастағы егіз туылған, элита классты, тірідей салмақтары 53-57кг болатын 30 саулықты ұрықтандырудың пайдаланылып. №00185 қошқар ұрығымен ұрықтандырылған 8 саулық қайта күйледі, ал №9669 қошқар ұрығымен ұрықтандырылған 6 саулық қайта күйге келіп ұрықтандырылды. №00185 осы нөмірдегі қошқар ұрығымен ұрықтандырылған саулықтардың төлділігі -171%, ал №9669 өндіруші қошқарда -166% болып 5,0%-ға төмен болды. Қозыларды анасынан айырғандағы тірідей салмақтары орташа есеппен №00185 өндіруші қошқарынан алынған тоқтыларда $25,9 \pm 0,7$ кг(n=19), №9669 қошқарынан алынған тоқтыларда $26,2 \pm 0,3$ кг (n=20) болса, ал ерек тоқтыларда салмағы $27,1 \pm 0,4$ кг (n=26) және $26,9 \pm 0,3$ кг (n=24) болды. Жүн ұзындығы ұргашы тоқтыларда 5,4 см, ерек тоқтыларда 5,8 кг жетті.

Алынған нәтижелерге байланысты салыстырғанда №00185 өндіруші қошқар бойынша саулықтардың төлділік көрсеткіш №9669 қошқар нәтижесіне қарағанда 5,0% -ға артық болды, бірақ алынған үрпактардың тірідей салмағы мен жұн ұзындығы бойынша біршама төмен болғандығы анықталды. Өндіруші қошқарларды толық бағалауда барлық алынған үрпағтарының, яғни тоқтылардың бір жас кезіндегі сапа өнімділігі бойынша бағалау жасаумен анықталды 1 кесте).

1-кесте. Тоқтылардың өнімдік сапасы

Өндіруші кошқар нөмері	n	Негізгі көрсеткіштер			
		тірідей салмағы	қырқылған жұн		жұн ұзындығы
			жуылмаган	жуылған	
00185	17	43,2±0,68	2,80±0,04	1,65	11,3±0,30
9669	18	44,0±0,56	2,91±0,04	1,71	11,6±0,28
7200	16	41,0±0,56	2,70±0,05	1,59	10,4±0,20

Тірідей салмағы бойынша 44,0 кг, қырқылған жұн 2,91 кг және жұн ұзындығы 11,6 см, сонымен қатар ұнамды тип бойынша 91,2% көрсеткіш берген қошқар 9669 үрпақтары болды. Ал екінші орында күйек кезіндегі төлділігі жағынан көрсеткіші бойынша 5,0% -ға артық болған 00185 қошқар тұр. Осы қошқарлар ұнамды типті үрпақ алу жағынан жақсартуыш болып табылады, себебі тоқтылардың көрсеткіштері бойынша анық байқалды. Жалпы селекциялық белгі көрсеткіштері бойынша қошқарлардың барлығыда жақсы екендігі анық, минималды қабылданған көрсеткіш талаптарынан тірі салмақ бойынша 37,5-28,1%-ға, қырқылған жұн 16,0-8,0 кг-ға, жұн ұзындығы 16,0-4,0%-ға артқандығымен. 2003 жылы аналықтарды күйек маусымында жоспарлы кезең бойынша 2 топқа 40 бастаң беліл (№7481 №7491) 7-8 жасар екі қошқармен және салыстырмалы топ ретінде 4 ересек (сақа) қошқармен 200 бас аналық ұрықтандырылып салыстырмалы бақылаулар жүргізілді. Ересек (сақа) өндіруші қошқарлармен ұрықтандырылған саулықтардың 261 қозылады (170,6%), ал жас өндіруші қошқарлармен ұрықтандырылған саулықтардың 113 туды (161,4%). Өнімділігі бойынша айырмашылық бақылау және тәжірибелік топтарда 9,2 % құрады. Бақылау тобы бойынша жаңа туылған ерек қозылардың орташа тірідей салмағы (n=140)- 3,75±0,07 кг, үргашы қозыларда (n=121)-3,3±0,07 кг, тәжірибелік тобтағы ерек қозылардың орташа салмағы (n=60 және n=53) 3,4±0,08 кг және 2,98±0,09 кг. Ересек өндіруші қошқарларды мал өсіруде пайдаланғанда алынған ерек қозыларды анасынан айырғандағы (4-4,5 ай) орташа тірідей салмағы 39,6±0,45 кг болса (n=128), үргашы қозыларда -27,1±0,36 кг, ал жас өндіруші қошқарлармен ұрықтандырылған саулықтардан алынған ерек төлдердің салмағы 4-4,5 айнда 27,3±0,5 кг (n=54), үргашы төлдердің салмағы 25,9±0,46 кг (n=46) болғандығы анықталды.

Барлық мал басына бонитировкалық жұмыстар жүргізілгенен кейін, өнімділіктеріне байланысты 69,7% ұнамды тип бөлініп алынды, қалғандары II класстағылары 19,3%, жарамсыздары 11,0% болды. Өнімділік дәрежелерге байланысты ұнамды типтегілері стандарттық талаптардан 4,6-6,7 кг және 5,2-13,4% артатындығы анықталды.

Алынған төлдердің ішіндегі бір жасқа келген үргашы тоқтыларды селекциялық топ типтеріне, туылған жылына және шаруашылыққа пайдалы белгілеріне қарай бөлінді. Туылған жыл типтіне қарай екі және үш егіз туылған мал басын бонитировкадан өткізген кезде 50-60% үргашы тоқтылар құрады. Тоқтылар жыл бойы жайлымда қосымша азықтандыруды қажет етпейтін жағдайда өсірілді. 2001 жылы малдарды асыл тұқымдылыққа бағалауда келесідей нәтижелер алынды, элита үргашы тоқтылар 75 бас, яғни 72,8%; бірінші кластағылар 22 (21,3%); екінші кластағылар 6 (5,9%). Тоқтылардың салмағы орта есеппен осы кезде 48,6 кг құрап, соның ішінде элита 49,8 кг; I- 46,3 кг; II- 42,3 кг; жұн ұзындығы сәйкесінше 11,1 см; 9,8 см және 7,8 см болды. Тірідей салмақ бойынша элита және I классты тоқтылар II классты тоқтылардан тірідей салмақ арасындағы артықшылығының сенімділік дәрежесі ($B > 0,99$) болды.

Осыдан кейін келесідей қорытындыға келуге болады, жұмысты жүргізу барысында тірідей салмақ бойынша осы топтағы екі және үш егіз туылған 103 бас үргашы тоқтыны банитировкадан өткізуде 54 бас, яғни 52,4% бағалы көптөлді қой шаруашылығын құру болашағында жақсы селекциялық құнды материал бола алатындығы анықталды. Қырқылған жүннің таза шығымы 1,6 кг құрады. Жұн шайыры ақшыл жарық айна түсті 62,5-67,2%, олардың кейбірінде тіпті бағалы ақ шайырлыларыда 25,0-дан 30,7% -дейін кездеседі. Жұннің сапалық

көрсеткіштерінің сараптамасы бойынша жабагы құрлымы штапельді және штапельді бұрымды екендігі, жүн талшықтарының ұзындығы 10,1- 11,2 см; әрі қалың; орташа иректі; ақ, ақшыл шайырлы екендігі анықталды.

1. Николаевская Н.Г. использование многоплодных овец// Сельское хозяйства за рубежом -1973. - №3. -С. 22-27.
2. Ульянов А.Н., Рыжков А.В Интенсивная технология полутонкорунного мясо-шерстного овцеводства. -М. Росагропромиздат, 1990.-С.153-179;126-129.
3. Kruge T. Factors that may influence the performance of animal\ Supplement to the golden please. - 1974. -v.3.№10.-P.1-4.
4. Lax J, Brown G.N. The effects of inbreeding, maternal handicap and range in age on 10 fleese and body characteristics in Merino rams and ewes// Austral. J.Agric/ Rec. -1967.-v.18. №4.-P.689-706.

* * *

В статье описано создание стада овец с высокой плодовитостью, на основе использования казахской тонкорунной породы (31,0%), финский ландрас – (44,0%) и казахской мясошерстной – (25,0%). При таком сочетании кровности по породам, плодовитость составляет - 170,7%, живая масса - 54,6 - 57,7 кг, настриг шерсти 3,3 -3,5 кг и длиной шерсти 10,7-11,3 см.

ӘОЖ – 613.2+615 874.2

ГИПЕРГЛИКЕМИЯ ЖӘНЕ АРТЕРИАЛДЫ ГИПЕРТЕНЗИЯСЫ БАР НАУҚАСТАРҒА АРНАЙЫ СТЕВИЯ ҚОСЫЛЫП «СТЕВИГУРТ» ЖӘНЕ «КЕРЕМЕТ» АШЫТЫЛҒАН СҮТ ӨНІМДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Еркебаева С.Ә., Сүлейменова Ж.М., Синявский Ю.А., Сәрсенбаев Б.А.

Мәселенің өзектілігі Ағзаның тіршілігі үшін маңызды негізгі нутриенттердің қажеттілігін толтыру және кең таралған аурулардың алдын алу мәселесінің оңтайлы шешімдерінің бірі - халықтың тамақтануындағы негізгі бұзылыстарды және аурулардың осы немесе басқа да түрінің патобиохимиялық өзгерістерін ескере отырып дайындалған, арнайы өнімдер мен тағамға биологиялық белсенді қоспаларды қолдану болып табылады [1-2].

Осыған байланысты тамақ өнеркәсібінің өзекті мәселесі көмірсудың төменгі құрамымен, табиги тағамдық қоспамен, соның ішінде қант алмастырыштармен байытылған дәстүрлі тағами шикізаттың негізінде әзірленген, биологиялық құндылығы жоғары, калориясы төмен өнімдерді дайындау болып табылады [3-5]. жаңа өсімдіктерді, яғни қант алмастырыш шикізаттарды өсіру технологиясын және тағамдық қоспалар негізінде биологиялық белсенді қоспаларды алу, сонымен бірге қант диабетіне, семіздікке, жүректің ишемиялық ауруына және т.б. ауруларға шалдықкан науқастарға арнаулы бағытталған емдік және алдын алу қасиеттері бар функционалдық тағам өнімдерін жасау тәсілдерін жасау өзекті болуда [5,6]. Осы тұрғыдан бактериостатикалық, антиоксиданттық және гипогликемиялық әсерге ие, құрамында табиги гликозидтері бар, қанттан жұз есе тәтті, бірақ калориясы жоқ өсімдік жапырағынан оңай бөлінетін стевия өсімдігіне ерекше көңіл болінеді [7,8].

Жұмыстың негізгі маңаты гипергликемиясы, артериалдық гипертензиясы бар науқастарға потенциалдық алдын алу құралы ретінде жаңа арнайы өнімдердің клиникалық тиімділігіне баға беру.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қойылған тапсырмаларға сәйкес зерттеулер Қазақ тағамтану академиясы (Алматы қ.) және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде (Шымкент қ.) жүргізілді.

Зерттеудің бірінші кезеңінде арнайы аштылған сүт өнімдерін әзірлеуде стевияны қолдану мүмкіндігі бағаланды.

Аштылған сүт негізіндегі арнайы өнімдердің технологиясы мен рецептурасын әзірлеу мәселелері шешілді, олардың химиялық құрамына баға берілді, әр түрлі температуралық режимде